

инновациялық секторды дамыту перспективасында осы экономиканы және тұтастай алғанда инновациялық өркениетті қалыптастыратын шет елдердің тәжірибесіне ерекше назар аудару қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Birkinshaw, J., Hamel, G. and Mol, M.J. (2008) «Иновации в управлении», Академия управления обзором, vol. 33, вып. 4, pp. 825-45
2. Сабден О., Иновационная экономика: монография. – Алматы: ID «Эксклюзив», [Иновационная экономика: монография. – Алматы: Издательский дом «Эксклюзив»]. 2008. – 492 с
3. Freeman C. The National Systems of Innovations in historical perspective. In Cambridge journal of economics. London, 1995, p. 5-24.

УДК 338.2

## ӨНДІРІСТІК САЛАДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Әбілда Әсем Даниярқызы

[asemaabildaa@gmail.com](mailto:asemaabildaa@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,  
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 3 курс студенті  
Ғылыми жетекші – Б.Исабеков

### Аңдатпа

*«Біз «білім, ғылым, инновациялар» үштігібилеген постиндустриялық әлемге қарай жылжыпкелеміз», -деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтпақшы, біздің әрбір аймағымыздың,әрбір өндірістік саладағы кәсіпкерліктің жаңашылдыққа,алдыға жылжуы экономикалық әлеуеті мықты, бәсекегеқабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекетқұруға ұмтылуы деп есептеймін. Бұл мақалада өндірістік саланы дамыту,кәсіпкерліктің қазіргі заман талабына сай жаңаруы айтылады.Яғни,шетел тәжірибелерін және ғалымдар ойын ұштастыра отырып өндірістік саланы дамыту туралы ақпараттар қалыптастырылған.*

**Кілт сөздер:** инновация,өндіріс,кәсіпкерлік,әлеует,ұлттық экономика,ресурстар,ішкі мүмкіндік.

Инновациялық әлеует терминін анықтауда ғалымдардың әр түрлі көзқарастары мен осы саладағы кешендік әдістемелік зерттеулердің болмауы қиындық туғызады. «Инновациялық әлеует» ұғымының мәнін ашуды оның «инновация» және «әлеует» секілді құрамдас категориялары арқылы жүзеге асырған жөн.

XX ғасырдың 70-ші жылдың соңы мен 80-ші жылдың басында әлеует ұғымының түрлі аспектілері, олардың қоғамдағы және экономикалық жүйедегі рөлі, әлеуетті пайдаланудың тиімділігі және т.б. жайында кең ғылыми пікірталас орын алды. Көптеген жұмыстарда әлеуетті бағалау мәселелерін зерттеудің маңыздылығы, және әлеует ұғымын анықтаудың елеулі ерекшеліктері, оның мәні, құрамы, басқаэкономикалық категориялармен ара қатынасының маңыздылығы атап өтілді.

Беделді басылымдардың бірі – Britannica энциклопедиясының «қоғам әлеуеті» түсінігіне арналған мақаласында, әлеует берілген нәтижеге қол жеткізуге бағытталған адам білімі мен түсінігінен тұратындығы ерекше атап өтілген. Осылайша, әлеует, ең алдымен, ресурстарды анықтаумен байланысады (қоғамға қатысты – адам ресурстары-мен).

«Әлеует» терминінің этимологиялық мағынасы латынның қуат, күш, мүмкіндік, қабілеттілік, жасырын түрде және белгілі біржағдайларда пайда болуға қабілетті деген сөзінен шыққан. Үлкен Совет энциклопедиясында «әлеует» термині «құрал, қорлар, қолда бар және мобилизациялануы мүмкін іс-әрекеттерге келтірілген,жоспарды жүзеге асыру үшін, белгілі бір

мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылған; қандай да бір тапсыр-маны шешу; белгілі бір саладағы мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның мүмкіндік-тері» ретінде түсіндіріледі.

Егер, «әлеует» түсінігін жеке қызметкерге, кәсіпорынға, қоғамға қатысты қарас-тырсақ, онда ол қойылған мақсатқа жету үшін қолда бар ресурстарды пайдалану мүмкіндігінің шынайы қабілеттерін көрсетеді. «Ішкі мүмкіндік» түсінігі жеке қызметкердің, кәсіпорынның, қоғамның ресурстарды пайдалануға және материалдық игіліктер мен қызметтерді құруға нақты жаңғыртатын шарттарын ескермей, тек қана теориялық мүмкіндіктерін көрсетеді. Демек, кәсіпорынның өндірістік потенциалы айқын ресурстық шектеулерді ескере отырып, материалдық игіліктердің белгілі бір көлемін құрудың нақты, шынайы мүмкіндіктерін көрсетеді.

«Инновациялық әлеует» түсінігінің тәжірибиелік аспектісі П. Друкердің заманауи өндірістің даму көздерін зерттеген жұмысында көрініс тапты. П. Друкер инновация оны тиімді пайдалану мақсатында қолда бар әлеуетке жасалған талдау арқылы бастала-тындығын атап өтті.

Кәсіпорын әлеуеті инновациялық қызметтік алғашқы негізі болып табылатындығын атап өту қажет. Сондықтан инновациялық әлеуеттің әдістемелік базасының мәні, мақсатқа бағыттылығын ескере отырып, өзіне тән айрықша ерекшеліктерге ие, яғни кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің міндеттелген немесе қалаған деңгейін

қамтамасыз ететін «потенциал» ұғымы болып табылады.

«Инновациялық әлеует» ұғымы инновациялық қызметтің феноменінің концептуалды көрінісі болып табылды. Ол әдістемелік, теориялық және эмпирикалық зерттеулер тәсіліне дәлелденіп, айқындалған, және салыстырмалы түрде жақында экономикалық дәрежесі ретінде экономикалық ғылымдар түсініктері қатарына енгізілді.

Дегенмен, ғылыми жұртшылық әлі күнге дейін «инновациялық әлеует» түсінігіне, оның құрамдас бөліктеріне, қалыптастыру механизмдеріне жеткілікті нақты анықтама берген жоқ.

Инновациялық әлеует көбінесе ашулар, өнертапқыштар, зерттеулер, формасындағы ғылыми-технологиялық негіздемелер ретінде, сондай ақ жаңа тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін өңдеудің ғылыми-технологиялық деңгейі ретінде қабылданады, не-месе инновациялық әлеует – бұл кәсіпорынның шаруашылық айналымында жаңа технологияларды тиімді тартудың экономикалық мүмкіндіктері ретінде қабыл-данады. Бірақ, бұл пікірмен барлығы келісе бермейді, себебі инновациялық әлеует кешенді ресурстық қамтамасыз етуге негізделген терең ұғым болып табылады. Осы жерден инновациялық әлеует экономикалық субъектінің мақсатқа жету үшін келтіруі мүмкін іс-әрекеттер жинақталған ресурстардың пайдаланылмаған, жасырын мүмкіндік-терін құрайды деген анықтама қозғалады.

Авторлар көптеген зерттеулерде инновациялық әлеуеттің жекелеген жақтарына талдау жасауға бар күш-жігерлерін шоғырландырады, сондықтан олар анықтаманың өзара мүлдем келісілмегендігіне және бұл түсініктің әдістемелік мәніне бағытталма-ғандығымен көп кездеседі. Жекелеген ғалымдар инновациялық әлеуетті жүйелік позициясы тұрғысынан анықтауға тырысады. Мысалы, Д. Андрианов «инновациялық әлеует» категориясын қолда бар немесе жаңадан пайда болған қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында, заттардың жаңа күйіне нақты тәртібінің трансформациялау жүйесінің мүмкіндігі ретінде пайымдауға әбден болады деп есептейді (субъект-новатор, тұтынушы, нарық және т.б) Бұл ретте инновациялық әлеуетті тиімді пайдалану жасырын мүмкіндіктен анық шынайылыққа көшуге, яғни бір күйден басқаға өтуді мүмкін етеді. Демек, инновациялық әлеуеті – бұл жүйенің өзгеріске, жақсартуға, прогреске жету мүмкіндігінің өзіндік сипаттамасы.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, кәсіпорынның, ғылыми-техникалық ұйымның инновациялық әлеуеті – бұл жаңалықты іске асыруды және түсінуді қамтамасыз етудің ғылыми-техникалық, технологиялық, инфрақұрылымдық, қаржылық, құқықтық, әлеу-меттік-мәдени және басқа да мүмкіндіктерінің жиынтығы, яғни ондағы

идеялардың дамуы мен пайда болуының бірыңғай жүйесін құрайтын,

соңғы өнімнің немесе кәсіпорын жоспары мен мақсатына сәйкес қызметтің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін инновацияны алу.

Сонымен қатар, бұл жаңа өнімді енгізуге бағытталған стратегиясыныске асырудың «дайындық шаралары». Сонымен қатар, инновациялық әлеует өзіне, технологиялық прогреспен қатар, дамудың ғылыми-техникалық механизмдерімен ұштасқан, қоғамның инновациялық мәдениеті мен оның жаңалықты енгізуге қабілеттілігінің институционалдық нысандарын қосады.

«Инновациялық әлеует» түсінігінің талдауы үшін, қазіргі заманғы экономикалық әдебиеттерде отандық ғалымдар түрлі ғылыми тәсілдерді қолданады:

– құрылымдық-институционалдық тәсіл – инновациялық субъект тұрғысынан инновациялық қызмет құрылымын, сонымен қатар ол үшін ішкі, яғни ғылыми және өндірістік сфераларымен экономикалық байланыстарын бөледі;

– функционалдық тәсіл – инновациялық өнімді өндіру, оны айырбастау, бөлу, инновациялық процесс циклін қайта жаңарту және тұтыну секілді инновациялық процестің уақытша заңдылықтарын анықтайды;

– ресурстық тәсіл – инновациялық процесте әрбір жеке шаруашылық ресурстарын пайдалану мүмкіндігіне негізделеді.

Бұдан инновациялық әлеуеттің құрылымы мен құрамы туралы әр түрлі түсініктер пайда болады.

Кейбір ғалымдардың көзқарасына сүйенсек, кәсіпорынның инновациялық әлеуеті төрт негізгі бөлімнен тұрады.

1. Меншікті және сатып алынған әзірлемелер мен өнертапқыштардың ғылыми-техникалық (технологиялық) дайындамасы. Мұнда кәсіпорынның өзіне қажетті дайындамаға пайдалану үшін құқыққа ие болу мен табу мүмкіндігі мен ынтасы ескеріледі.

2. Жаңашылдықтың инновациялық циклінің барлық кезеңдерінен өтуін, оның жаңалыққа және инновацияға енуін қамтамасыз ететін кәсіпорынның өзінің инфрақұрылымдық мүмкіндіктері.

3. Инновациялық әлеуеттің ғылыми-техникалық ұйымның, өндірістік кәсіпорынның жиынтық әлеуетінің басқа бөліктерімен өзара әрекетін және инновациялық циклдің сәтті жүзеге асуын көрсететін ішкі және сыртқы факторлар.

4. Кәсіпорынның қызметкерлер құрамының жаңашылдықты түсіну деңгейін, оның инновация түрінде іске асуына қабілеттілігі мен дайындығын сипаттайтын инновациялық мәдениеттің деңгейі.

Жекелеген зерттеушілер, инновациялық қызметті кәсіпорын функциясының бірі ретінде қарастыра отырып, инновациялық потенциал құрылымын оны құрайтын үш бірлік ретінде: бір мезгілде өмір сүретін, бір-бірін болжайтын және негіздейтін, және үштұғырлы мәні ретінде қолданғанда пайда болатын ресурстық, ішкі және нәтижелі

ретінде ұсынады.

Нәтижелі құраушы қолда бар мүмкіндіктерді жүзеге асырудың түпкі нәтижесінің көрінісі ретінде түсіндіріледі (инновациялық процесті іске асыру барысында алынған жаңа өнім түрінде). Осыған байланысты, ол инновациялық потенциалдың өзінің мақсатты сипаттамасын түсіндіреді және қалған құраушыларының дамуына ықпал

етеді (мысалы, ресурстық құраушысы).

Ішкі құраушылары барлық алдыңғы элементтерінің жұмыс істеу тиімділігін және әрекет қабілеттілігін қамтамасыз ететін «рычаг» ретінде көрсетіледі. Жалпы алғанда, аталған құраушы инновациялық қызметтің мақсатты бағытталған мүмкіндіктерін сипаттайды, яғни бастамашылық, әр түрлі жаңашылдықтардың таралуы мен құрылуы

үшін ресурстар тартудың коммерциялық нәтижелілік принциптеріне жүйенің қабілеттілігін анықтайды.

Көп жағдайда, кәсіпорынның инновациялық потенциал құрамы нақтылаудың әр түрлі деңгейіндегі ресурстар жиынтығы түрінде ұсынылады.

Мысалы, инновациялық әлеуеттің құрамы жиынтық ретінде ұсынылады:

– еңбек ресурстарының бір бөлігі, инновациялық қызметпен қамтылғандар, олардың сандық-сапалық айқындылығы;

- табиғи ресурстардың жаңа комбинациясы;
- заманауи өндірістік қорлар және кәсіпорын технологиялары;
- жаңашылдық қызметті жүзеге асырудың қағидалары мен нормалары түріндегі институционалды компоненттері;
- инновациялық процестерді іске асыратын кәсіпорын түрлері;
- білім, тұлғаның қабілеті мен дағдысы түріндегі, сонымен қатар табиғи және әлеуметтік ортадан алынған ақпарат.

Өзге зерттеушілер инновациялық қызметтің тиімді іске асуы үшін инновациялық әлеует құрамына келесі ресурстар жиынтығын қосу керек деп есептейді:

- интеллектуалды (технологиялық құжаттама, өнертапқыштар, патенттер, лицензиялар, пайдалы моделдер, өнеркәсіптік үлгілер);
- материалдық (тәжірибелі-аспаптық база, пилоттық орнатулар, зерттеу, эксперименталды және зертханалық құрал-жабдықтар);
- қаржылық (меншіктік, қарыздық, инвестициялық, бюджеттік, гранттық);
- кадрлық (жаңашыл-лидер, инновацияға қызығушы, ҒЗЖ және ТҚЖ жүргізуде тәжірибелі және арнайы білімі бар қызметкер, тұтынушылардың жасырын қажеттілік-терін жоспарлау және болжау, сонымен қатар маркетинг саласының маманы);
- инфрақұрылымдық (ҒЗЖ және ТҚЖ меншікті бөлімшелері, конструкторлық бөлім, бас технолог бөлімі, жаңа өнім маркетингі бөлімі, өнім сапасын бақылау лабораториясы, лицензиялық-патенттік бөлім);
- инновациялық қызмет нәтижесін көтерудің қосымша көздері (ҒЗИ мен ЖОО-ның серіктестік және меншіктік байланыстары, соның ішінде шет елдік байланыс, аумақтық ресурс, ақпараттық бөлім, жобаларды басқару тәжірибесі, кәсіпорынды стратегиялық басқару)

Біздің ойымызша, инновациялық әлеует қоршаған ортаның өзгерістеріне жаңа білімнің тиімді коммерциализациялануының көмегімен дер кезінде бейімделуіне мүмкіндік беретін, үлкен және күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйенің жүйелік қасиеттерінің бірі болып табылады. Мұндай түсініктемені ескере отырып, инновациялық әлеует жүйенің қасиеті ретінде кез келген кәсіпорында кездеседі, бірақ үш ықтимал жағдайда болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады:

- дамымаған инновациялық әлеует – сыртқы орта өзгеріс адаптациясына бейімделмеген (жекелеген ресурстары бар, мақсатты бағытта бірікпеген);
- қалыпты дамыған инновациялық әлеует – бәсекелестік күресте бизнестің өміршеңділігін қамтамасыз ететін өзгерістерін іске асыруға мүмкіндік береді (өнімнің уақыты-лы модификациялануы іске асады, техникалық және технологиялық базасы жаңартылады, басқарудың қазіргі заманғы әдістері енгізіледі және т.б.);
- дамыған инновациялық әлеует – өнім нарығында және саласында көшбасшы болуға, кәсіпорынның инновациялық – белсенді позициясын ұстануына мүмкіндік береді.

Қазақстандық өнеркәсіптік кәсіпорын төмен инновациялық белсенділігі отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі.

Кәсіпорынның инновациялық стратегиялық басқаруының экономиканың дамуының жаңа кезеңіне көшуі өнім сапасының жоғарылатуға резерв табуға, материалдық және еңбек шығындарын үнемдеуге, еңбек өнімділігінің өсуіне, өндірісті ұйымдастырудың және оның тиімділігін арттырудың іске асуына мүмкіндік береді.

Менеджменттің үстемділік тәжірибесі соңғы онжылдықта өзгерді.

Басқару фокусы кәсіпорынның экономикалық тиімділік деңгейінен сапаны, икемділік-ті, ұйымдастырушылық білімді құрудың және шешудің инновациялылығын қамтама-сыз етуге ауысты.

Дамыған инновациялық әлеуеттің базасында шешілетін негізгі міндеттерге мыналарды жатқызуға болады:

- ішкі және сыртқы нарықта кәсіпорынның шығаратын өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің жоғары дәрежесі;

– инновациялық өнімнің және технологияның экономикалық ақталған шапшаңдығы-ның жаңаруын қамтамасыз ету;

– өндірістің жоғары техникалық және технологиялық деңгейіне қол жеткізу;

– ресурстың барлық түрлерін рационалды пайдалану;

– өткізу нарығын уақытылы игеру және кеңейту;

– өндірісті ұйымдастырудың және кәсіпорында басқарудың сәйкес тәсілдерін енгізу.

Әлбетте, бір кәсіпорында жүзеге асатын әр түрлі инновациялар бір бірінен функционалдық белгілері, технологиялық қажеттіліктері, конструктивті орындалуы, толтыру элементтері арқылы айтарлықтай ерекшеленеді. Осыған байланысты, ұйымның классикалық көзқарасы тұрғысынан, кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің дамуы және құрылу процестері бірқатар жағымсыз қасиеттер қатарына ие.

Сонымен, инновациялық қызметті жандандыру бірінші кезекте қолданылатын өндіріс құралдарының құрылымы мен құрамының өзгеруін, яғни кәсіпорын қызметкер-дің кәсіби және біліктілік құрылымының өзгерісін де талап етеді. Бұл өндіріс қуаттылығының да, жұмыс күшінің де пайдалану деңгейін уақытша болса да төмендетеді.

Соның салдарынан, бөлімшелердің көлемі және әртүрлілік бөлігіндегі кәсіпорынның ұйымдастырушылық және өндірістік құрылымы күрделенеді, яғни басқару жүйесінің мазмұнына шығындар өседі. Ары қарай, кәсіпорынның сатушы ретінде шыққан, сондай-ақ сатып алушы ретінде әрекет еткен нарықтың құрылымы өзгереді.

Көбінесе мұндай өзгерістер ескі тәжірибе мен бұрын кейінге қалдырылған байланыстардың жеткіліксіз болуына немесе тиімді болмауына әкеледі.

Инновациялық белсенділік кәсіпорынның кірісі мен шығысының құрылымын өзгертеді. Кәсіпорынның ағымдағы жалпы шығындары, әдетте өседі, ал болашақ кірістер кәсіпорында инновациялық өнімді жасауға және игеруге байланысты уақыт бойынша алшақтайды, және сондықтан олар анықталмаған болып табылады. Ақырын-да, қызметтің әртүрлі түрлерінің кез келген ұлғаюы бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық талдаудың нәтижелерінің күрделенуіне әкеледі.

Жоғарыда аталған инновациялық қызметтің ерекшеліктері кәсіпорын үшін стратегиялық артықшылықтарды қамтамасыз етудің күрделі тәсілдерін және оны қолданудың зардаптарын жоғары кәсіпкерлік тәуекелділікпен сипатталатыны куәландырады. Дегенмен, халықаралық тәжірибе оның кәсіпкерлік қызметтің түрлі салаларында кең таралуын көрсетеді.

Кәсіпорында инновациялық қызметтің жоғары тиімділігін қамтамасыз етудің бірінші қадамы болып, оның ары қарай мақсатты дамуын және сәйкес инновациялық әлеуетті құру болып табылады. Соңында, өндірістік кәсіпорында тұрақты менеджмент-ті тәжірибеде енгізуге және басқаруға жаңа әдістемелік тәсілдерді әзірлеуді талап етеді.

Осылайша, инновациялық процестердің өндірістік кәсіпорындарда уақытылы дамуы мен маңыздылығын ескере отырып, келесідей аралық қорытынды жасауға болады.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда Қазақстан экономикасында, көпшілік өндірістік кәсіпорындарда инновациялық мүмкіндіктер мен олардың тәжірибе жүзінде нақты іске асуы арасында үйлеспеушілік байқалады. Қазақстанның барлық кәсіпорындары дамыған инновациялық әлеуетке ие бола қоймаған, тек кейбір кәсіпорындар ғана оны тиімді қолдана алады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында республика

үшін, ұлттық экономиканың трансформациясының ерекшеліктеріне негізделген, инновациялық дамудың артта қалуының қосымша факторлары тән.

Қазақстан ұлттық экономикасының барлық деңгейі, соның ішінде оның алғашқы буыны – өндірістік кәсіпорындар үшін инновациялық дамудың әдіснамасы әлі күнге соңына дейін жасалмаған. Тіпті, инновациялық әлеует секілді базалық анықтамалар-дың өзі бірқалыпты түсіндірілмейді.

Соның салдары, кәсіпорынның инновациялық әлеуетін қалыптастырудың, дамуы мен тиімді қолданудың іске асатын әдіснамаларының болмауы болып табылады.

Стратегиялық менеджмент әдіснамалық мәнінің талдауы өндірістік кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің дамуы мен құру процесі басқару тұрғысынан жалпы корпоративтік

стратегиялармен бекітілген, қабылданған міндеттерге, стратегиялық және экономикалық мақсаттарға сай болуы қажет. Бұндай тәсілдер нақты кәсіп-орынның ерекшеліктерін көрсететін, инновациялық әлеуеттің «жеке конфигурация-сын» әзірлеуге мүмкіндік береді.

Инновациялық қызметтің жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін, жаңалықты енгізумен қатар, осындай енгізулерден коммерциялық қайтарым алуды қамтамасыз етуге мақсатталған өндірістік кәсіпорынның инновациялық дамуы мен құру процестерін басқарудың жаңа әдістері мен әдіснамаларын жасау талап етіледі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Исабеков Б.Н., Мұхамбетова Л.Қ. Инновация және кәсіпкерлік. Оқулық. – Астана, 2017. 100-110 б.
2. van Stel, A., Storey, D. J., & Thurik, A. R. (2007). Жаңа туындайтын және жас бизнес кәсіпкерлікке кәсіпкерлік регламенттердің әсері. Шағын бизнес экономикасы, 28, 171–186.
3. Баранчеев В.П. Управление инновациями: учебник – М.: Издательство Юрайт, 2011. – 256 б

УДК 338

### **ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ**

**Әбутәліпова Фатима Расулқызы**

[98fati98@mail.ru](mailto:98fati98@mail.ru)

Магистрантка 2-курса экономического факультета ЕНУ им. Л.Н Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель - К.Байгабулова

Глобализация, активное участие Казахстана в интеграционных процессах, препятствия и возможности, стоящие перед Казахстаном, требуют сделать выбор. Согласно концепции инновационного развития Республики Казахстан, изменение мирового порядка требует новых закономерностей развития государства и общества. В настоящее время Казахстан сталкивается с десятью глобальными проблемами.

1. Быстрое ускорение исторического времени, особенно заметное в экономике и демографии. Так, за последние 60 лет мировой валовой внутренний продукт вырос в 11 раз, население Земли утроилось и к 2050 году достигнет 9 млрд. человек. В этой связи, необходимо будет работать над ускорением процесса внедрения новых технологий, закреплением механизмов защиты интеллектуальной собственности и стимулированием ученых реализовывать собственные разработки. Мировая практика показывает, что задачу создания конкурентоспособных высокотехнологических секторов экономики можно решить в пределах 10-15 лет.

2. Усилились глобальные демографические дисбалансы. Общемировой тренд - старение человечества. Через 40 лет число людей в возрасте от шестидесяти и старше будет превышать число тех, кому меньше 15 лет. Низкая рождаемость во многих странах приведет к нехватке трудовых ресурсов, это повлияет на миграционные потоки и может увеличить социальную напряженность в обществах, где больше молодых людей.

3. Высокие темпы роста мирового населения обостряют проблему продовольственного обеспечения. Уже сегодня около миллиарда людей испытывают нехватку в еде, это требует кардинальных изменений в производстве пищевых продуктов. Проблема нехватки продовольствия еще больше обострится под воздействием изменения климата. Из-за глобального потепления в мире ежегодно сокращаются посевные площади на территорию, сопоставимую со средним размером европейской страны.

Казахстан как ответственный участник международных процессов имеет уникальные возможности внести свой вклад в укрепление мировой продовольственной безопасности.